

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және кәмелетке толмаған интернаттық үйымдар түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 24 ақпандағы N 64 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда N 3741 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы N 3 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 21.01.2016 N 3 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 21-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6)-тармақшаларына сәйкес, жұмыс іздеуде қыншылық көретін қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және кәмелетке толмаған интернаттық үйымдар түлектерін әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін, Ақтөгай ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар үшін меншік нысанына қарамастан Ақтөгай ауданының кәсіпорындарында, мекемелер мен үйымдарында жұмыс орындары жалпы санының екі пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.
2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін меншік нысанына қарамастан Ақтөгай ауданының кәсіпорындарында, мекемелер мен үйымдарында жұмыс орындары жалпы санының екі пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.
3. Кәмелетке толмаған интернаттық үйымдар түлектері үшін меншік нысанына қарамастан Ақтөгай ауданының кәсіпорындарында, мекемелер мен үйымдарында жұмыс орындары жалпы санының бір пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.
4. "Ақтөгай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс берушілерге тиісті жолдамалар беру

жолымен өтініш жасаған қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдар түлектерін квоталандырылған жұмыс орындарына орналастыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*M. Сейтахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК